

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 1 сәуірдегі № 249 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің республикалық мемлекеттік мекемелері – аумақтық бөлімшелері қайта ұйымдастырылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ережеде:

Министрліктің қарамағындағы аумақтық органдардың және оның ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінің тізбесінде:

"1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі" деген бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 57-10 және 57-11-жолдармен толықтырылсын:

"57-10. Абай облысының төтенше жағдайлар департаменті Мақаншы ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

57-11. Абай облысының төтенше жағдайлар департаменті Жаңасемей ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 74-1-жолмен толықтырылсын:

"74-1. Алматы облысының төтенше жағдайлар департаменті Алатау қаласының төтенше жағдайлар бөлімі.";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 127-1 және 127-2-жолдармен толықтырылсын:

"127-1. Шығыс Қазақстан облысының төтенше жағдайлар департаменті Үлкен Нарын ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

127-2. Шығыс Қазақстан облысының төтенше жағдайлар департаменті Марқакөл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.".

3. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы

Қайта ұйымдастырылатын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің республикалық мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдарының тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Алматы облысының төтенше жағдайлар департаменті Іле ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі одан "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Алматы облысының төтенше жағдайлар департаменті Алатау қаласының төтенше жағдайлар бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесін бөліп шығару жолымен.

2. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Абай облысының төтенше жағдайлар департаменті Үржар ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі одан "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Абай облысының төтенше жағдайлар департаменті Мақаншы ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесін бөліп шығару жолымен.

3. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Абай облысының төтенше жағдайлар департаменті Семей қаласының төтенше жағдайлар бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі одан "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Абай облысының төтенше жағдайлар департаменті Жанасемей ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесін бөліп шығару жолымен.

4. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шығыс Қазақстан облысының төтенше жағдайлар департаменті Қатонқарағай ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі одан "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шығыс Қазақстан облысының төтенше жағдайлар департаменті Үлкен Нарын ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесін бөліп шығару жолымен.

5. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шығыс Қазақстан облысының төтенше жағдайлар департаменті Күршім ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі одан "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шығыс Қазақстан облысының төтенше жағдайлар департаменті Марқакөл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесін бөліп шығару жолымен.

